

Мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 қарашадағы N 1156 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды жетілдіру жөнінде одан әрі жүргізілетін шаралар туралы" 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4075 U984075_ Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы (бұдан әрі - Академия) қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтының құқықтары мен міндеттерінің құқылық иегері болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен Академияға, осы қаулының 1-тармағында көрсетілген, қайта ұйымдастырылған ұйымдардың мүлкін б е р е т і н б о л с ы н .

3. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардан оқуға жіберілген Академия тыңдаушыларының айлық стипендиясының мөлшері соңғы жұмыс орнындағы қызметтік жалақысының деңгейінде, алайда мемлекеттік жоғары оқу орындарының өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттары үшін белгіленген стипендияның мөлшерінен кем болмайтын етіп белгіленсін.

4. Академия басшысының лауазымы материалдық-тұрмыстық және медициналық қамтамасыз ету, көліктік қызмет көрсету шарттары бойынша орталық атқарушы орган басшысының лауазымына, ал Академия басшысы орынбасарларының лауазымы - орталық атқарушы органдар басшылары орынбасарларының лауазымына теңестірілсін.

4-1. Академияның профессор-оқытушылар құрамының, басшы қызметкерлерінің (ректор, вице-ректорлар, бөлімшелердің жетекшілері мен олардың орынбасарлары) лауазымдық жалақылары (ставкалары) Академияның бекітілген еңбекақы төлеу қоры шегінде 1,5-тен бастап 2,5-ке дейін арттыру коэффициенттерін қолдану арқылы а й қ ы н д а л а д ы д е п б е л г і л е н с і н .

Лауазымдық жалақыға арттыру коэффициентінің нақты мөлшері лауазымдар санатына қарай сараланып және Академия ректоры бекітетін тәртіппен белгіленеді.

Ескерту. Қаулы 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1493 (2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Академияға 6 қызметтік автомобиль лимиті, оның ішінде 4-і жеңіл автомобиль және 2-і шағын автобус болып белгіленсін.

6. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің жанындағы Республикалық басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеру салааралық институтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтына айналдыру туралы" 1996 жылғы 10 қаңтардағы N 49 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 жыл, N 2, 14-құжат);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін көтеру институтының мәселелері" туралы 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 393 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 жыл, N 14, 114-құжат);

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебі туралы" 1995 жылғы 11 қаңтардағы N 35 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 жыл, N 2, 19-құжат).

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі